

«Sara Digital Finance»
Микроқаржы ұйымы» ЖШС
Директорының
05.04.2024 ж. шешімімен бекітілген
*31.08.2025 ж. өзгерістер мен
толықтырулармен*

**«Sara Digital Finance» Микроқаржы ұйымы» ЖШС-да
төлемге қабілетсіз қарыз алушыға қатысты қолданылатын
берешекті реттеу шарттары мен шаралары**

Мазмұны

1-тарау. Берешекті реттеу шарттары мен тәртібі және төлемге қабілетсіз қарыз алушыға қатысты қолданылатын шаралар	2
2-тарау. Қайта құрылымдауды ұсыну тәртібі	6

1-тарау. Берешекті реттеу шарттары мен тәртібі және төлемге қабілетсіз қарыз алушыға қатысты қолданылатын шаралар

1. Шарт бойынша міндеттемені орындаудың өткізіп алынған мерзімі болған кезде, бірақ ол басталған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей, «Sara Digital Finance» Микроқаржы ұйымы» ЖШС (бұдан әрі - МҚҰ) қарыз алушыны микрокредит беру туралы шартында (бұдан әрі - Шарт) көзделген тәсілмен және мерзімдерде:

1) Шарт бойынша міндеттемені орындау бойынша мерзімді өткізіп алудың туындағаны және хабарламада көрсетілген күнге мерзімі өткен берешектің мөлшерін көрсете отырып, төлемдерді енгізу қажеттігі;

2) Шарт бойынша Қарыз алушының - жеке тұлғаның МҚҰ-ға жүгіну құқығы;

3) қарыз алушының Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауының салдары туралы хабардар етуге міндетті. МҚҰ қарыз алушыны хабардар ету үшін коллекторлық агенттікке жүгінуге құқылы.

2. Міндеттемені орындау мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде қарыз алушы - жеке тұлға МҚҰ-ға баруға және (немесе) Шарт талаптарына, оның ішінде:

1) микрокредит беру туралы шарт бойынша сыйақы мөлшерлемесін немесе сыйақы мәнін азайту жағына қарай өзгертуге;

2) ай сайынғы төлем мөлшерін микрокредитті өтеу кестесіне сәйкес белгіленген төлемнің кемінде елу пайызын ай сайынғы төлем мөлшерін азайту жағына қарай өзгертуге;

3) негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша төлем мерзімін кейінге қалдыруға;

4) берешекті өтеу әдісін немесе берешекті өтеу кезектілігін, оның ішінде негізгі борышты басым тәртіппен өтей отырып өзгертуге;

5) микрокредит мерзімін өзгертуге;

6) мерзімі өткен негізгі борышты және (немесе) сыйақыны кешіруге, микрокредит бойынша тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) жоюға;

7) тараптармен келісілген мерзімдерде ипотека нысанасы болып табылатын жылжымайтын мүлікті кепіл берушінің дербес өткізуіне;

8) микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемені орындаудың орнына микроқаржы ұйымына кепіл мүлкін беру арқылы бас тарту төлемін ұсынуға;

9) сатып алушыға микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемені бере отырып, ипотека нысанасы болып табылатын жылжымайтын мүлікті өткізуге байланысты өзгерістер енгізу туралы өтінішін негіздейтін банктік қарыз шарты бойынша міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алудың туындау себептері, кірістер және басқа да расталған мән-жайлар (фактілер) туралы мәліметтерді қамтитын өтінішті жазбаша нысанда не микрокредит беру туралы шартта көзделген тәсілмен ұсынуға құқылы.

Қарыз алушы толық емес мәліметтер мен құжаттарды ұсынған жағдайда МҚҰ жетіспейтін құжаттарды сұратуға құқылы. Қарыз алушы сұратылған құжаттарды 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұсынуы тиіс. Сұратылған құжаттарды көрсетілген мерзімде ұсынбау қарыз алушының өтінішін қараусыз қалдыру үшін негіз болып табылады, ол туралы тиісті хабарлама жіберіледі.

3. Қарыз алушының өтінішін қарау және Шарт бойынша міндеттемені орындаудың өткізіп алынған мерзіміне әкеп соққан мән-жайларды (фактілерді) растау үшін қажетті құжаттар тізімі:

- жұмыссыз ретінде тіркелгені туралы анықтама және (немесе) қарыз алушының жұмыс орнынан соңғы алты бойынша кірісі туралы анықтама немесе қарыз алушының ақшасының түсуі және қозғалысы туралы үзінді көшірме;

- жұмыс берушінің еңбек шартын тоқтату туралы, жалақысы сақталмайтын демалыс беру туралы актісі немесе қарыз алушының еңбекке уақытша жарамсыздығы туралы анықтама/парақ;

- жалақының мөлшерін және Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді

көшірмені көрсете отырып, жұмыс орнынан анықтама;

- қарыз алушының жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты демалыста, сондай-ақ бала үш жасқа толғанға дейін оның күтімі бойынша еңбекақысы сақталмайтын демалыста екенін растайтын құжат;

- қарыз алушының жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының) ауруын растайтын еңбекке уақытша жарамсыздық туралы анықтама, сондай-ақ қарыз алушының жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының) қайтыс болғаны туралы куәлік/анықтама;

- жалдау ақысын төлеу тәртібі мен мерзімдері көрсетілген нотариалды куәландырылған жалдау шарты;

- жазатайым оқиға, үшінші тұлғалардың заңға қайшы әрекеттері нәтижесінде қарыз алушыға материалдық зиян келтірілгенін растайтын құжаттар (айналымдағы тауарларды немесе кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін қарыз алушы пайдаланған өзге де мүлікті ұрлау);

- форс-мажорлық мән-жайлардың басталу фактісін растайтын ресми құжаттар;

- мүгедектік туралы анықтама;

- уәкілетті мемлекеттік органның қарыз алушының шоттарына тыйым салу туралы шешімі;

- инкассалық өкім;

- сот актілері;

- қарыз алушының қаржылық жағдайының нашарлау фактісін растайтын өзге де құжаттар.

4. Қарыз алушы-жеке тұлғаның өтінішін алған күннен кейін күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде МҚҰ Шарт талаптарына ұсынылған өзгерістерді уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен қарайды және қарыз алушы-жеке тұлғаға:

- 1) Шарттың талаптарына ұсынылған өзгерістермен келісетіні туралы;

- 2) Шарттың талаптарын өзгерту бойынша өзінің ұсыныстары туралы;

- 3) Шарттың талаптарын өзгертуден бас тарту себептерінің уәжді негіздемесін көрсете отырып, осындай бас тарту туралы жазбаша нысанда немесе

Шартта жазылған өзге тәсілмен хабарлайды.

5. МҚҰ Шарт талаптарына ұсынылған өзгерістермен келісу туралы шешімді:

- 1) Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңына сәйкес әлеуметтік осал топтарға жататын;

- 2) Төтенше жағдай енгізуге негіз болған мән-жайлардың салдарынан зардап шеккен қарыз алушы – жеке тұлға Шарт талаптарына осы құжаттың 2-тармағының бірінші бөлігінің 2) тармақшасында және 3) тармақшасында көзделген өзгерістерді енгізу туралы өтініш берілген кезде кемінде үш ай мерзімге қабылдайды.

Осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген қарыз алушы – жеке тұлғамен жасалған Шарттың талаптарына ұсынылған өзгерістермен келісу туралы шешім қарыз алушы өтінішпен жүгінген айдың алдындағы екі айда есептелген қарыз алушының орташа айлық кірісі қарыз алушының өтінішпен жүгінген не атаулы әлеуметтік көмек тағайындалған айдың алдындағы он екі айда есептелген қарыз алушының орташа айлық кірісімен салыстырғанда отыз пайыздан астамға төмендеген жағдайда қабылданады.

6. Қарыз алушы - жеке тұлға осы құжаттың 4-тармағының 3) тармақшасында көзделген МҚҰ шешімін алған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде немесе Шарт талаптарын өзгерту туралы өзара қолайлы шешімге қол жеткізілмеген кезде МҚҰ-ны бір мезгілде хабардар ете отырып, қаржы омбудсманына жүгінуге құқылы.

Микроқаржы омбудсманы қарыз алушы – жеке тұлғаның өтінішін оның МҚҰ-ға өтініш жасауының дәлелдемесі ұсынылған және МҚҰ-мен Шарттың талаптарын өзгерту туралы өзара қолайлы шешімге қол жеткізілмеген кезде қарайды.

Микроқаржы омбудсманы «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын қарыз алушы – жеке тұлғаның тұрғынжай болып табылатын жылжымайтын мүлік ипотекасымен

қамтамасыз етілген, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес Шарт бойынша жасалған өтінішін қарау кезеңінде кепілге қойылған мүлікке сотқа талап қоюды беру арқылы немесе соттан тыс тәртіпте өндіріп алуды қолдануға жол берілмейді.

7. Қарыз алушы қарыз беру шартының ағымдағы талаптары бойынша міндеттемелердің орындалмауына әкеп соққан мән-жайларды құжаттар негізінде растаған кезде МҚҰ талаптарына өзгерістер енгізу қарыз алушының әлеуметтік және қаржылық жағдайын ескере отырып, оның борыштық жүктемесінің төмендеуін қамтамасыз ететін талаптар негізінде жүзеге асырылады.

8. МҚҰ және Қарыз алушы Шарт талаптарына өзгерістер енгізу туралы шешім қабылдаған кезде Шарт талаптарына өзгерістер енгізу тәртібі мен мерзімдері МҚҰ-ның ішкі құжатымен айқындалады, бұл ретте мұндай өзгерістерді енгізу мерзімі МҚҰ шешімі қабылданған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күннен аспауы тиіс.

9. МҚҰ қарыз беру шартының талаптарын өзгерту бойынша өз ұсыныстарын жіберген кезде, Қарыз алушының микроқаржы ұйымының Шарт талаптарын өзгертудің ұсынылған талаптарына жауап беру мерзімі, Қарыз алушының жауапты ұсыну мерзімі ол МҚҰ шешімін алған күннен бастап кемінде 3 (үш) күнтізбелік күнді құрайтын МҚҰ-мен жасалған Шартты (Жеке тұлғамен қырық бес күнтізбелік күнге дейінгі мерзімге жасалған Шарт бойынша республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің елу еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде) қоспағанда, МҚҰ хатында көрсетіледі және МҚҰ шешімін алған күннен бастап кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күнді құрайды.

10. МҚҰ қарыз беру шартының талаптарын өзгерту жөніндегі ұсынысты алған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде МҚҰ мен Қарыз алушы арасында келісімге қол жеткізілмесе, Шарт талаптары өзгертілмейді. Бұл мерзім МҚҰ және Қарыз алушының келісімі болған кезде ұзартылуы мүмкін. Микроқаржы омбудсманы қарыз алушы – жеке тұлғаның өтінішін оның МҚҰ-ға өтініш жасауының дәлелдемесі ұсынылған және МҚҰ-мен микрокредит беру туралы шарттың талаптарын өзгерту туралы өзара қолайлы шешімге қол жеткізілмеген кезде қарайды.

11. Осы құжаттың 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген талап қанағаттандырылмаған, сондай-ақ микрокредит беру туралы шарт бойынша қарыз алушы-жеке тұлға осы құжаттың 2-тармағында көзделген құқықтарды іске асырмаған не қарыз алушы-жеке тұлға мен МҚҰ Шарттың талаптарын өзгерту бойынша келісім болмаған жағдайларда, МҚҰ келесі әрекеттерді жасауға құқылы:

1) Қарыз алушыға қатысты шараларды қолдану туралы мәселені қарастыруға. Шаралар қолдану туралы шешім микрокредиттер беру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады;

2) берешекті сотқа дейінгі өндіріп алуға және реттеуге коллекторлық агенттікке беруге;

Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін өткізіп алуға жол берген жағдайда МҚҰ-ның коллекторлық агенттікті тарту құқығы болған кезде берешекті сотқа дейін өндіріп алу және реттеу үшін коллекторлық агенттікке беруге жол беріледі;

2-1) тұлғаға микрокредит беру туралы шарт/ кредиттік желіні ұсыну туралы келісім бойынша құқықтарды (талаптарды) қарыз алушыда:

- жеке тұлғаның жылжымайтын мүлік ипотекасымен қамтамасыз етілген микрокредит беру туралы шарт/ кредиттік желіні ұсыну туралы келісім бойынша – қатарынан күнтізбелік бір жүз сексен күннен асатын;

- жеке тұлғаның микрокредит беру туралы өзге де шарттары/ кредиттік желіні ұсыну туралы келісім бойынша – қатарынан күнтізбелік тоқсан күннен асатын ақшалай міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алу болған кезде «Микроқаржылық қызмет туралы» Заңның (бұдан әрі -Заң) 9-1-бабында белгіленген талаптарды сақтай отырып беруге құқылы.

Осы тармақшаның ережелері қарыз алушы - Қазақстан Республикасының азаматына қатысты «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру

және банкроттығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен төлем қабілеттілігін қалпына келтіру, соттан тыс немесе сот арқылы банкроттық рәсімдері қолданылған жағдайларға қолданылмайды;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Шартта көзделген шараларды қолдануға, оның ішінде Шарт бойынша борыш сомасын өндіріп алу туралы сотқа талап арызбен жүгінуге, сондай-ақ кепілге салынған мүлікке соттан тыс тәртіппен немесе сот тәртібімен өндіріп алуды қолдануға;

4) Қолданыстағы заңнамаға сәйкес қарыз алушы - жеке кәсіпкерді, заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы сотқа талап арызбен жүгінуге.

12. Заңға және Шартқа сәйкес МҚҰ Қарыз алушының берешегін сотқа дейінгі реттеу шеңберінде оның берешегін нотариустың атқарушылық жазбасы негізінде өндіріп алуға құқылы.

13. Қарыз алушының Шарт бойынша берешегінің максималды сомасы Қосылу туралы өтініштің 3-тармағында көрсетілген шектеуді ескере отырып, микрокредит сомасын, сыйақы мен тұрақсыздық айыбының (өсімпұлдың) сомасын құрайды, бұл Заң талаптарына сәйкес келеді.

2-тарау. Қайта құрылымдауды ұсыну тәртібі

14. Берешекті қайта құрылымдау қарыз алушыларды қаржы-экономикалық сауықтыру үшін пайдаланылатын құралдардың ауқымын кеңейту мақсатында іске асырылады.

15. Қайта құрылымдаудың негізгі түрлері:

1) микрокредит беру туралы шарт бойынша сыйақы мөлшерлемесін немесе сыйақы мәнін азайту жағына қарай өзгерту;

2) негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша төлем мерзімін кейінге қалдыру;

3) берешекті өтеу әдісінің немесе берешекті өтеу кезектілігінің, оның ішінде негізгі борышты басым тәртіппен өтей отырып өзгерту;

4) микрокредит мерзімін өзгерту.

16. Қарыз алушыда уақытша қаржылық қиындықтар және/немесе форс-мажорлық мән-жайлар туындаған кезде микрокредитті қайта құрылымдау мәселесі кеңейтілген мониторинг негізінде және/немесе уақытша қаржылық қиындықтардың және/немесе форс-мажорлық мән-жайлардың басталуы бойынша растайтын құжаттар негізінде қаралады.

17. Микрокредитті қайта құрылымдау болуы мүмкін жағдайлардың тізімі:

1) активтердің жойылуына әкелген форс-мажорлық жағдай;

2) табыс деңгейінің төмендеуі (жұмыста қысқарту, жалақының төмендеуі, бизнестегі уақытша қиындықтар, бизнестің жабылуы және т. б.);

3) қарыз алушыны жұмыспен қамту органдарында жұмыссыз ретінде тіркеу немесе жалақы мөлшерінің қысқаруы;

4) қарыз алушының әлеуметтік мәртебесінің өзгеруі, атап айтқанда оны халықтың әлеуметтік осал топтарына жатқызу, сол сияқты қарыз алушының және (немесе) оның отбасының орташа айлық табыстың төмендеуіне әсер еткен қарыз алушының бірге тұратын жақын туысы, жұбайы (зайыбы) халықтың әлеуметтік осал тобы мәртебесін алуы;

5) қарыз алушының ауруға байланысты 2 (екі) айдан артық уақытша еңбек қабілетсіздігі;

6) қарыз алушының бала күтіміне байланысты демалысқа шығуы;

7) қарыз алушының және (немесе) оның отбасының орташа айлық жиынтық табысының төмендеуіне әсер еткен қарыз алушының жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының) ауруына не қайтыс болуына байланысты отбасылық мән-жайлар;

8) қарыз алушыға микрокредит беру туралы шарт/кредит желісін беру туралы келісім бойынша міндеттемелерді тиісінше орындауға мүмкіндік бермейтін, оның ішінде жазатайым оқиға, үшінші тұлғалардың құқыққа қарсы әрекеттері (ұрлық, өрт, су басу) нәтижесінде материалдық зиян келтірген немесе төтенше, оның ішінде табиғи сипаттағы (стихиялық құбылыстар, әскери іс-қимылдар, төтенше жағдай) жағдайлардың туындауы салдарынан міндеттемелерді тиісінше орындау мүмкін болмаған мән-жайлар;

9) қарыз алушының мүгедектікті алуы;

10) қарыз алушыны мерзімді әскери қызметке (оның ішінде әскери жиындарға) шақыруы. Жергілікті әскери басқару органынан әскери қызметті (әскери жиындарды) өткеру орнына кету туралы тиісті командирдің (бастықтың) бұйрығы шығарылған күн әскери қызметтің басталуы деп есептеледі;

11) қарыз алушының қаржылық және әлеуметтік жағдайының нашарлауына әкеп соққан, оның ішінде микроқаржы ұйымының ішкі құжаттарында көзделген өзге де мән-жайлар.

Қарыз алушы кредиторға өзінің ағымдағы қаржылық және әлеуметтік жағдайы туралы ақпаратты ұсынуға, сондай-ақ шарт бойынша міндеттемелерді орындауға мүмкіндік беретін табыстың төмендегенін не болмағанын құжатпен растауға міндетті.

Қарыз берушіге Шарт талаптарына өзгерістер енгізу мәселесін қарау үшін қажетті құжаттар тізімі, қарыз алушы жүгінген жағдайға байланысты, кредитордың өзімен дербес түрде айқындалады.

18. Қайта құрылымдауға өтінішті қарау рәсімі келесі кезеңдерге бөлінеді:

1) қарыз алушының микроқаржы ұйымына қайта құрылымдауды ұсыну туралы өтінішпен жүгінуі;

2) қайта құрылымдау мәселесі бойынша өтініш берген сәтте қарыз алушының қаржылық жай-күйін талдау және бағалау;

3) растайтын құжаттарды ұсына отырып, қайта құрылымдауды сұрау себептерін анықтау;

4) оң шешім болған кезде қайта құрылымдау берілетін шарттарды айқындау;

5) қайта құрылымдау үшін қажетті құжаттарды дайындау және ресімдеу, сондай-ақ оларды микроқаржы ұйымының кредиттік комитетінің отырысында ұсыну.

19. Клиенттің қаржылық жағдайын нақты анықтау қарыз алушының қаржылық-экономикалық сауықтыруына септігін тигізетін тиімді қайта құрылымдауды жүргізуге мүмкіндік береді.

20. Қарыз алушының қаржылық жағдайын талдау ағымдағы кезеңде қарыз алушы мен оның отбасы мүшелерінің нақты кірістері мен шығындарын ескере отырып жасалады, сондай-ақ клиенттің кредиттік бюро есебіне сәйкес барлық қолданыстағы және басқа да міндеттемелері бағаланады. Микрокредиттің мерзімін кешіктіруге жол бермеу үшін клиенттің болашақтағы қаржылық ағындары міндетті түрде бағаланады.